

"Нан бағасын тұрақтандыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 маусымдағы № 688 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 1379 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нан бағасын тұрақтандыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 маусымдағы № 688 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2014 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 5517772371 (бес миллиард бес жүз он жеті миллион жеті жүз жетпіс екі мың үш жүз жетпіс бір) теңге сомасында қаражат бөлінсін

о н ы ң і ш і н д е :

1) астық жеткізу шартын жасасу сәтіндегі нарықтық баға мен 28300 теңге мөлшеріндегі белгіленген баға арасындағы айырма ретінде, бірақ тоннасына 13700 теңгеден аспайтын астықтың 1 тоннасына төлеу мөлшері есебімен нан бағасын тұрақтандыру үшін осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес астықты қайта өңдеу ұйымдарының 2014 жылғы 14 ақпаннан бастап 329155 (үш жүз жиырма тоғыз мың жүз елу бес) тонна көлемінде бидай сатып алуға жұмсалған шығындарын өтеу үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде аудару үшін 4454080188 (төрт миллиард төрт жүз елу төрт миллион сексен мың жүз сексен сегіз) теңге сомасында қаражат;

2) нан бағасын тұрақтандыру үшін астықты қайта өңдеу ұйымдарына жөнелтуді ескере отырып, 2014 жылғы 1 қаңтар мен 1 шілде аралығындағы «Азық-түлік-келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 179887 (бір жүз жетпіс тоғыз мың сегіз жүз сексен жеті) тонна көлемінде астықтың мемлекеттік өткізу ресурстарын сақтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне 89306100 (сексен тоғыз миллион үш жүз алты мың бір жүз) теңге сомасында қаражат;

3) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес 2014 жылғы 14 ақпаннан бастап астықты қайта өңдеу (нан пісіру) ұйымдарының нан бағасын тұрақтандыру үшін өткізілген астықты (ұнды) тасымалдау жөніндегі шығындарын өтеу үшін Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарына ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде аудару үшін 974386083 (тоғыз жүз жетпіс төрт миллион үш жүз сексен алты мың сексен үш) теңге сомасында қаражат

б ө л і н с і н . » ;

көрсетілген қаулыға 2-қосымша осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 1379 қаулысына

1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 20 маусымдағы
№ 688 қаулысына

2-қосымша

Астықты қайта өңдеу (нан пісіру) ұйымдарының астық (ұн) сатып алу жөніндегі шығындарын өтеуге арналған қаражат көлемі

Өңірлердің атауы	Субсидиялауға жататын астықты сатып алу көлемі, тонна	Бөлінетін қаражат көлемі, теңге
1	2	3
Ақмола	7 699	105 479 000
Ақтөбе	16 783	229 926 552
Алматы	54 246	743 168 800
Атырау	10 342	141 681 290
Шығыс Қазақстан	39 781	502 177 166
Жамбыл	14 049	192 472 670
Батыс Қазақстан	18 329	251 104 600
Қарағанды	27 767	378 186 500
Қостанай	13 362	183 053 920
Қызылорда	13 896	190 379 300
Маңғыстау	16 409	224 796 450
Павлодар	19 493	267 047 250
Солтүстік Қазақстан	2 821	28 370 800
Оңтүстік Қазақстан	49 776	681 927 090
Астана қаласы	0,0	0,0
Алматы қаласы	24 402	334 308 800
Барлығы	329 155	4 454 080 188

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 1379 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 20 маусымдағы
№ 688 қаулысына

2-қосымша

**Астықты қайта өңдеу (нан пісіру) ұйымдарының астық (ұн)
тасымалдау жөніндегі шығындарын өтеуге арналған қаражат көлемі**

Өңірлердің атауы	Тасымалданатын астық көлемі, тонна	оның ішінде		Бөлінетін қаражат көлемі, теңге
		мемлекеттік өткізу ресурстары	коммерциялы қ ресурстар	
1	2	3	4	5
Алматы	67 496	13 250	54 246	280 649 300
Жамбыл	26 392	12 343	14 049	99 809 202
Қызылорда*	22 625	8 729	13 896	98 408 600
Оңтүстік Қазақстан	77 732	27 956	49 776	338 097 481
Алматы қаласы	42 133	17 731	24 402	157 421 500
Барлығы	236 378	80 009	156 369	974 386 083

Ескертпе: * ұнға қайта есептегендегі астық.